

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) МКҚК

«Алтын бесік» бөбекжайы

Топ ортаңғы «Қарлығаш» тобы

Балалардың жасы 3-4жас

Жоспардың құрылу кезеңі -2022-2023 оқу жылы сәуір айы .

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p>Сөздік қор: қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу тілі: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану,</p>
	Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	<p>Жиын: беттестіру және тұстастыру тәсілдерін қолдану арқылы қандай заттар көп, аз екенін анықтау</p> <p>Сан, санау: «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p> <p>Шама: салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p>

		<p>Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол.</p> <p>Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.</p> <p>Ересектердің еңбегі: Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан: Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру</p> <p>Заттық әлем. Қазақ халықының тұрмыс заттарымен таныстыру</p> <p>Көлік, байланыс құралдары Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу</p> <p>Адамгершілікке баулу балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер,</p>

		<p>еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру</p> <p>Менің Отаным-Қазақстан</p> <p>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p>
	Құрастыру	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p>
	Сурет салу	<p>Заттық сурет салу.</p> <p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.</p> <p>Сәндік сурет салу.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.</p>
	Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу:</p> <p>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру</p> <p>Сюжетті мүсіндеу.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік мүсіндеу.</p> <p>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру</p>

	Жапсыру	<p>Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру</p> <p>Сюжеттік жапсыру.</p> <p>Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету</p> <p>Сәндік жапсыру.</p> <p>Дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>ересектер дайындаған ірі және өте ұсақ ою элементтерін орналастыру және жапсыру</p>
	Музыка	